ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1268996 , Шикі газды өңдеу бойынша жұмыстар сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (1 Р, 4577261) Шикі газды қайта өңдеу бойынша жұмыстар

Тапсырыс беруші: "QazaqGaz" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамы
Ұйымдастырушы: "QazaqGaz" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамы

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	1 Р
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Шикі газды қайта өңдеу бойынша жұмыстар, Шикі газды өңдеу жұмыстары
Қосымша сипаттама	Шикі газды процессингтеу жұмыстары
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Шикі газды қайта өңдеу жұмыстарын (Шикі газды процессингтеу жұмыстары) сатып алуға арналған техникалық ерекшелік

1. Жұмыстардың қажетті функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының сипаттамасы:

Маңғыстау облысындағы «КазахТуркМунай» ЖШС кен орындарында өндірілетін ілеспе мұнай шикі газын ұтымды пайдалану және қайта өңдеу мақсатында Тапсырыс беруші оны қабылдауды және одан әрі Мердігердің өндірістік қуаттарында қайта өңдеуге беруді жүзеге асырады.

Тапсырыс беруші шикі газды тауарлық газ және (болған жағдайда) өзге де қайта өңдеу өнімдерін алу үшін шикі газды қабылдау, дайындау және қайта өңдеу жұмыстарының кешенін орындау мақсатында «КазахТуркМунай» ЖШС-нің ГШӨЖ-інде Мердігерге береді.

Мердігер қабылданған шикі газды қайта өңдеу бойынша технологиялық операциялардың толық кешенінің орындалуын, оның ішінде оны дайындауды, тазалауды, кептіруді, құнды көмірсутек компоненттерін бөліп алуды, сондай-ақ алынған тауарлық газды «Опорная» КС-да Тапсырыс берушіге тасымалдауды және беруді қамтамасыз етуге міндетті.

Жұмыстарды орындау нәтижесінде алынған қайта өңдеу өнімдері болған жағдайда, мұндай өнімдер Тапсырыс берушіге тиесілі болады. Әрбір өнім түрінің саны, сапасы және нақты шығымы тауарлық өнім шығымын айқындаудың бекітілген Әдістемесіне сәйкес айқындалады және тиісті есептеу аспаптарымен және бастапқы құжаттармен расталады.

2. Объектінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, МГӨЦ – 1

3. Анықтамалар мен терминдер

Осы Техникалық ерекшелікте мынадай негізгі терминдер пайдаланылады:

3.1. Тапсырыс беруші – «QazaqGaz» ҰК» АҚ;

3.2. Жеткізуші – «КазахТуркМунай» ЖШС (жер қойнауын пайдаланушы);

3.3. Шикі газ – Тапсырыс беруші Жеткізушіден («КазахТуркМунай» ЖШС кен орындарынан) сатып алатын және Тапсырыс беруші газды қайта өңдеу үшін Шикі газды қабылдау пунктінде беретін ілеспе мұнай газы.

3.4. Шикі газды қабылдау пункті – Тапсырыс беруші Мердігерге қайта өңдеу жұмыстарын орындау үшін беретін шикі газдың саны мен параметрлерін коммерциялық есепке алу нүктесі болып табылатын, «КазахТуркМунай» ЖШС-ге тиесілі «КазахТуркМунай» ЖШС-нің ГШӨЖ-і; бұл ретте оны пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді, тексеруді және деректерді беруді иесі қамтамасыз етеді, Мердігерге тексеру кезінде қатысу және тиісті көрсеткіштер мен құжаттарды алу мүмкіндігін береді.

3.5. Тауарлық газды беру пункті – Мердігер Тапсырыс берушіге беретін тауарлық газдың саны мен сапа параметрлерін айқындау нүктесі болып табылатын «Опорная» КС-дағы газды коммерциялық есепке алу торабы.

3.6. Газ тасымалдау жүйесі – Мердігердің меншігінде тұрған газ құбырларын, газ құбырларының тармақтарын, газ тарату желілерін және олардағы құрылыстарды қамтитын газ құбырлары жүйесі;

3.7. Газ өңдеу зауыты (ГӨЗ) – тауарлық газ алу және құнды компоненттерді бөліп алу мақсатында табиғи, ілеспе немесе шикі газды қайта өңдеуге арналған өндірістік кешен.

3.8. Газды есептеу аспабы – белгіленген тәртіппен аттестатталған, нормаланған техникалық сипаттамалары бар және газ мөлшерін көлем бірліктерімен өлшеуге арналған өлшеу құралдарының жиынтығы. Оған аттестатталған ГШӨЖ, КГЕТ және шикі газ бен тауарлық өнімді есептеу аспаптары кіреді;

3.9. Шикі газды процессингтеу – қоспаларды жою және тауарлық өнім сапасына қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін тауарлық газ алуға бағытталған, физикалық және физика-химиялық әсер ету әдістерін қолдана отырып, газ өңдеу зауытында (ГӨЗ) шикі газды дайындаудың технологиялық процесі.

3.10. Тауарлық өнім – процессингтен кейінгі тауарлық газ;

3.11. Жеткізушінің өндірістік объектілері – Жеткізуші шикі газды беру үшін пайдаланатын кез келген өндірістік объектіні білдіреді;

3.12. Мердігердің өндірістік объектілері – Мердігер осы Шарт бойынша шикі газды процессингтеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланатын барлық өндірістік объектілерді (ГӨЗ, газ тасымалдау жүйесі және т.б.) білдіреді;

3.13. Өлшемдерді орындау әдістемесі (ӨОӘ) – орындалуы осы ӨОӘ-де белгіленген дәлдікпен өлшеу нәтижелерін алуды қамтамасыз ететін, Тапсырыс берушінің шикі және тауарлық газына арналған тәуелсіз аттестатталған ұйым әзірлейтін операциялар мен ережелер жиынтығы;

3.14. Тауарлық өнім шығымын айқындау әдістемесі (ТӨШАӘ) – физика-химиялық сипаттамаларды, технологиялық процесті, қайта өңдеу жағдайларын, сондай-ақ шығындар мен қосалқы өнімдерді ескере отырып, алынған Тауарлық өнімнің (массалық немесе көлемдік) санын қайта өңделген шикізат санына қатысты айқындауға бағытталған ережелердің, формулалардың және іс-қимылдар реттілігінің жиынтығы; Тауарлық өнім мен процессинг өнімдеріне арналған тәуелсіз аттестатталған ұйым әзірлейді және Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарттың ажырамас бөлігі ретінде келіседі;

3.15. Газ шығынын өлшеу жүйесі (ГШӨЖ) – ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес шикі газдың санын коммерциялық есепке алуды ұйымдастыру үшін оның көлемі мен сапа параметрлерін өлшеуді, сондай-ақ өлшеу нәтижелерін бақылауды және тіркеуді қамтамасыз ететін өлшеу құралдары мен құрылғыларының кешені. ГШӨЖ ҚР СТ 2547-2014 талаптарына сәйкес болуға тиіс.

3.16. Техникалық акт – Мердігер мен Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі арасындағы газды коммерциялық есепке алу торабындағы есептеу аспаптарының деректерін, яғни Тапсырыс беруші Мердігерге дайындау үшін берген газдың нақты көлемдерін айқындауды растайтын (тіркейтін) ресми құжат (техникалық актілерде көрсетілген қызметтер үшін төлем сомасы көрсетілмейді), Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды;

3.17. Коммерциялық акт – газды қайта өңдеу бойынша көрсетілген қызметтердің саны мен құны туралы ақпаратты қамтитын, Тараптар қол қоятын ресми қаржылық құжат.

3.18. Уәкілетті өкіл – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат /бұйрық/тапсырма негізінде осы Шартты орындау шеңберінде Тараптардың бірінің атынан және мүддесі үшін әрекеттер жасауға тиісінше уәкілеттік берілген жеке тұлға.

3.19. Агент – Газды есепке алу және тасымалдау бойынша техникалық міндеттемелерді орындау үшін агент ретінде әрекет ететін «ИЦА» АҚ газ тасымалдау ұйымын білдіреді.

3.20. Қайта өңдеу өнімдері – шикі газды қайта өңдеу нәтижесінде алынған тауарлық газ, КФЖК, газ конденсаты және өзге де көмірсутек өнімдері.

3.21. Қайта өңдеу өнімдерін есепке алу нүктелері – қайта өңдеу өнімдерінің санын оларды өндірудің, сақтаудың және Тапсырыс берушіге берудің тиісті кезеңдерінде айқындауды қамтамасыз ететін коммерциялық есепке алу тораптары, өлшеу құралдары, Резервуарлық парктер және өзге де жабдық.

3.22. Қайта өңдеу өнімдерінің шығу акті – есепті кезеңде шикі газды қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімнің әрбір түрінің нақты санын тиісті есеп-қисаптарды қоса бере отырып растайтын құжат.

3.23. Шикі газды қайта өңдеу бойынша орындалған жұмыстар актісі – Мердігердің есепті кезеңде шартта көзделген шикі газды қайта өңдеу жұмыстарының көлемін орындағанын растайтын және Тараптардың өзара есеп айырысуын жүргізуге негіз болып табылатын құжат.

3.24. Газ – контекске байланысты шикі газ және (немесе) тауарлық газ.

3.25. Стандартты жағдайлар – ГОСТ 2939 бойынша температура 20 °C (293,15 K) және абсолютті қысым 101,325 кПа (760 мм сынап бағанасы).

3.26. Газдың текше метрі (м³) – стандартты жағдайларда бір текше метр көлемді алатын газ мөлшері.

3.27. Мың текше метр (мың м³) – 1 000 м³ газ.

4. Нормативтік-техникалық база:

- Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңы.

- ҚР СТ 1666-2007 «Магистральдық газ құбырларымен жеткізілетін және тасымалданатын жанғыш табиғи газдар. Техникалық шарттар»;

- ГОСТ 31371.1-2008 «Белгісіздікті бағалай отырып, газ хроматографиясы әдісімен құрамын анықтау»;

- ҚР СТ ГОСТ Р 53367-2011 «Жанғыш табиғи газ. Құрамында күкірті бар компоненттерді хроматографиялық әдіспен анықтау»;

- Метрология, газды коммерциялық есепке алу, өлшеу құралдарын пайдалану және газдың физика-химиялық көрсеткіштерін анықтау саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттары;

- Магистральдық газ құбырлары бойынша тасымалдауға арналған тауарлық газдың сапасына қойылатын қолданыстағы талаптар;

- Бекітілген өлшемдерді орындау әдістемелері және тауарлық өнім шығымын айқындау әдістемелері.

Шикі газды және тауарлық газды коммерциялық есепке алу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен сәйкестікті растаудың және тексеру (калибрлеудің) қажетті рәсімдерінен өткен өлшеу құралдарының көмегімен жүзеге асырылуға тиіс. Қолданылатын өлшеу құралдары қысымды, температураны, құрамды және сығылу коэффициентін қоса алғанда, газдың параметрлерін ескере отырып, газдың санын нақты айқындауды қамтамасыз етуге тиіс.

Мердігер пайдаланылатын өлшеу құралдарының дұрыс техникалық жай-күйін, оларды уақытылы тексеруді, техникалық қызмет көрсетуді және метрологиялық бақылауды, сондай-ақ өзінің меншігінде немесе иелігінде тұрған өлшеу құралдарына қатысты коммерциялық есепке алу деректерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Өлшеу нәтижелері электрондық түрде тіркелуге және сақталуға тиіс, Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша оған ұсыну мүмкіндігі болуы қажет.

5. Алдын ала жұмыстар

Шикі газды қайта өңдеу жұмыстарын орындауды бастағанға дейінгі алдын ала жұмыстар құрамына мыналар кіреді:

5.1. Газды және қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, қайта өңдеу және беру үшін қажетті Мердігердің өндірістік объектілерінің, жабдықтың, технологиялық қондырғылардың және газ тасымалдау инфрақұрылымының техникалық дайындығын қамтамасыз ету.

5.2. Шикі және тауарлық газды коммерциялық есепке алу тораптарының, сондай-ақ қайта өңдеу өнімдерін өлшеу құралдарының дайындығы мен жұмысқа қабілеттілігін тексеру.

5.3. Қолданыстағы өлшемдерді орындау әдістемелерінің, өлшеу құралдарын тексеру туралы құжаттардың және өзге де қажетті метрологиялық құжаттардың болуын тексеру.

5.4. Тараптар арасында газды және қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, қайта өңдеу және беру бойынша коммерциялық есепке алу, деректер алмасу және құжаттарды ресімдеу тәртібін келісу.

6. Мердігердің орындайтын жұмыстарына қойылатын талаптар

6.1. Тауарлық өнім мен қайта өңдеу өнімдерінің саны мен шығымын айқындау тиісті құзыреті бар тәуелсіз мамандандырылған ұйым әзірлеген және Тапсырыс беруші мен Мердігер келіскен Тауарлық өнім шығымын айқындау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Әдістемеде тауарлық газ бен өзге де қайта өңдеу өнімдерінің санын айқындау тәртібі, сондай-ақ газдың өз технологиялық қажеттіліктеріне шығынын, технологиялық шығындарды және өзге де көрсеткіштерді есепке алу тәртібі көзделуге тиіс.

Әдістеме жұмыстарды орындаудың бүкіл мерзімі ішінде Тараптардың қолдануы үшін міндетті болып табылады. Әдістемені өзгертуге тек Тараптардың жазбаша келісімі бойынша жол беріледі.

6.2. Шикі газды қайта өңдеу нәтижесінде алынған тауарлық газдың және қайта өңдеу өнімдерінің (болған жағдайда) барлық көлемі Тапсырыс берушіге тиесілі.

Мердігер Тапсырыс берушіге тиесілі қайта өңдеу өнімдерін Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз өткізуге, иеліктен шығаруға, өз мақсаттарында пайдалануға не үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

Өндірілетін өнімнің көлемі өндіру кезеңіндегі шикі газдың компоненттік құрамының өзгеруіне байланысты өзгеруі мүмкін.

6.3. Тапсырыс берушіге берілетін тауарлық газдың сапасына қойылатын талаптарды орындау.

6.4. Мердігер объектілеріне, сондай-ақ Тапсырыс берушінің газын дайындау үшін қажетті өзге де инфрақұрылымға қызмет көрсетуді және оларды ұстауды орындау;

6.5. Газды дайындау мен айдауға әсер етуі мүмкін кез келген төтенше жағдайлар немесе

апаттар туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлау, сондай-ақ газды қайта өңдеуді қалыпқа келтіру үшін барлық қажетті әрекеттерді жасау;

6.6. Мердігерге газды қабылдап-тапсырудың айлық актілерін (техникалық және коммерциялық) ресімдеу үшін уәкілетті өкілді тағайындау және Тапсырыс берушіге тиісті құжатты ұсына отырып хабарлау қажет;

6.7. Тапсырыс берушіге немесе оның уәкілетті өкіліне газды дайындау және айдау мәселелері бойынша қажетті ақпаратты ұсыну, сондай-ақ ай сайын коммерциялық актімен бірге Тапсырыс берушінің дайындалған газ көлеміне газ сапасының паспортын ұсыну.

6.8. Мердігер ай сайын Тапсырыс берушіге қолданыстағы ӨОӘ-де көзделген нысан бойынша есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей, сондай-ақ шикі газды қайта өңдеу өнімдерінің шығымын есепті кезең үшін ТӨШАӘ нысаны бойынша есеп-қисапты ұсынуға міндетті.

6.9. Мердігер өндірілген тауарлық газ бен қайта өңдеу өнімдерінің дұрыстығына, сондай-ақ олардың шығымын бекітілген Әдістемеге сәйкес есептеудің дұрыстығына жауапты болады.

Мердігер коммерциялық есепке алудың бастапқы деректерінің, өлшеу аспаптары көрсеткіштерін тіркеу журналдарының, зертханалық талдау нәтижелерінің және есептік материалдардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер растайтын құжаттарды ұсынуға және коммерциялық есепке алу деректерінің және өнім шығымын есептеудің дұрыстығын, оның ішінде Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерінің қатысуымен тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Алшақтықтар немесе дұрыс емес деректер анықталған жағдайда Мердігер тиісті деректерді тексеруге, негізделген түсініктемелер мен түзетілген есеп-қисаптарды ұсынуға, сондай-ақ анықталған бұзушылықтардың жойылуын қамтамасыз етуге міндетті.

6.10. Мердігер дайындалған тауарлық газдың сапасының газды магистральдық газ құбырына беру үшін белгіленген ҚР СТ 1666-2007 бойынша нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.

Тауарлық газдың сапасын растау Мердігер әрбір есепті кезең бойынша ресімдейтін зертханалық талдау нәтижелері мен сапа паспорттарының, сондай-ақ тауарлық газды берудің белгіленген нүктесіндегі өлшеу нәтижелерінің негізінде жүзеге асырылады.

Тауарлық газдың сапасы белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда Мердігер міндетті:

- нормативтік көрсеткіштерден ауытқуларды көрсете отырып, анықталған сәйкессіздік туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға;

- сәйкессіздік себептерін жою бойынша қажетті шараларды қабылдауға;

- газ сапасына қайталама талдау жүргізуді қамтамасыз етуге;

- егер мұндай беру Тапсырыс берушімен келісілмесе және қолданылатын талаптармен рұқсат етілмесе, белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін газды беруге жол бермеуге;

- газ сапасына қойылатын талаптардың бұзылуы салдарынан туындаған Тапсырыс берушінің құжатпен расталған шығындарын шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуге.

Тауарлық газ сапасының сәйкессіздігі фактісі зертханалық зерттеулер нәтижелері мен өлшеу құралдарының деректері қоса беріле отырып, екі жақты актімен ресімделеді.

6.11. Мердігер шикі және тауарлық газды қабылдауға, қайта өңдеуге және беруге әсер етуі мүмкін өндірістік объектілердегі жоспарлы тоқтатулар, жөндеу және профилактикалық жұмыстар туралы Тапсырыс берушіге мұндай жұмыстардың себептерін, мерзімдерін және болжамды ұзақтығын көрсете отырып, алдын ала хабарлауға міндетті.

Апаттық тоқтатулар, технологиялық бұзушылықтар немесе жұмыстардың орындалуына әсер ететін өзге де мән-жайлар болған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға, мұндай мән-жайлардың туындау себептері, технологиялық процесті қалпына келтірудің болжамды мерзімдері және бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шаралар туралы ақпарат ұсынуға міндетті.

Мердігер тоқтатулардың ұзақтығын барынша азайту және шикі газды қабылдау мен қайта өңдеуді негізсіз шектеуге жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

6.12. Мердігер Тапсырыс берушіге тиесілі тауарлық газ бен қайта өңдеу өнімдерінің қайта өңдеу нәтижесінде алынған сәтінен бастап белгіленген тәртіппен берілген сәтке дейін тиісінше есепке алынуын, сақталуын және рұқсатсыз пайдаланылмауын қамтамасыз етуге міндетті.

Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз қайта өңдеу өнімдерін іріктеуге, пайдалануға, өткізуге немесе үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

6.13. Мердігер Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдеріне коммерциялық есепке алу тораптарына және Тапсырыс берушінің газын есепке алу мен қайта өңдеу жөніндегі құжаттамаға кемінде 3 жұмыс күн бұрын жіберілген жазбаша өтінім бойынша Мердігер өкілінің ілесуімен және объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидалары мен өткізу режимін сақтай отырып қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

7. Газды және қайта өңдеу өнімдерін тапсыру және қабылдау:

7.1. Мердігердің Тапсырыс берушіден шикі газды қабылдауы «КазахТуркМунай» ЖШС-нің ГШӨЖ-інде жүзеге асырылады. Қабылданған шикі газдың саны коммерциялық есепке алудың тиісті құралдарының көрсеткіштері бойынша белгіленген тәртіппен айқындалады.

Қабылданған шикі газдың нақты көлемдері Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын шикі газды қабылдап-берудің ай сайынғы техникалық актісімен ресімделеді.

ГШӨЖ-дегі есепке алуға әсер ететін кез келген жұмыстар Мердігермен алдын ала келісіледі және Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен екі жақты акт ресімделе отырып орындалады.

7.2. Дайындалған тауарлық газды Мердігерден Тапсырыс берушіге беру «Опорная» КС-да жүзеге асырылады.

Берілген тауарлық газдың саны газ көлемін стандартты жағдайларға келтірудің белгіленген параметрлерін ескере отырып, көрсетілген беру нүктесіндегі коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштері бойынша айқындалады.

Тауарлық газдың нақты көлемдері Тараптардың уәкілетті өкілдері ай сайын қол қоятын тауарлық газды қабылдап-берудің ай сайынғы техникалық актісінде көрсетіледі.

7.3. Қайта өңдеу өнімдерінің шығымының саны тауарлық өнім шығымын айқындаудың бекітілген Әдістемесіне сәйкес есептік әдіспен айқындалады.

Қайта өңдеу өнімдерінің әрбір түрін есепке алу нүктелері, санын айқындау тәртібі, өлшем бірліктері және беру шарттары Тараптар келіскен өнімді есепке алу және беру схемасында айқындалуға тиіс. Мердігер Тапсырыс берушінің алынған қайта өңдеу өнімдерінің нақты көлемдерін бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

7.4. Шикі және тауарлық газды қабылдап-берудің техникалық актілері Шартқа №6 қосымшаға сәйкес есепті айдан кейінгі айдың 2-нен (екінші) кешіктірілмей ай сайын ресімделеді.

7.5. Шикі және тауарлық газды қабылдап-берудің коммерциялық актілері техникалық актілердің деректері негізінде ресімделеді және Шартқа №7 қосымшаға сәйкес есепті айдан кейінгі айдың 15-інен (он бесінші) кешіктірілмей Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

7.6. Әрбір есепті айдың қорытындысы бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге есепті кезеңде қабылданған және қайта өңделген шикі газдың нақты көлемін, орындалған жұмыстардың құнын және өзге де қажетті мәліметтерді көрсете отырып, шикі газды қайта өңдеу бойынша орындалған жұмыстар актісін ұсынады.

Орындалған жұмыстар актісі коммерциялық есепке алудың расталған деректері мен Тараптар қол қойған газды қабылдап-беру құжаттары негізінде ресімделеді.

Коммерциялық акт және (немесе) Орындалған жұмыстар актісі Шарттың талаптарына сәйкес нақты орындалған жұмыстар үшін Тараптардың өзара есеп айырысуын жүргізуге негіз болып табылады.

7.7. Әрбір есепті айдың қорытындысы бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге тауарлық газды және болған жағдайда өзге де қайта өңдеу өнімдерін қоса алғанда, алынған өнімнің әрбір түрі бойынша нақты санының егжей-тегжейлі есеп-қисабын қоса бере отырып, қайта өңдеу өнімдерінің шығу актісін ұсынуға міндетті.

Қайта өңдеу өнімдері шығымының есеп-қисабы тауарлық өнім шығымын айқындаудың бекітілген Әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады және бастапқы деректерді, есептік көрсеткіштерді және коммерциялық есепке алудың нақты нәтижелерін қамтуға тиіс.

7.9. Мердігер Тапсырыс берушіге қайта өңдеу өнімдерінің шығу актілерін және тиісті есеп-қисаптарды есепті айдан кейінгі айдың 5-інен (бесінші) кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Қайта өңдеу өнімдерінің шығу актілеріне және қайта өңдеу өнімдерін қабылдап-беру актілеріне Тараптардың уәкілетті өкілдері ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-ынан (оныншы) кешіктірмей қол қояды.

Алшақтықтар немесе ескертулер анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге оларды жою және құжаттарды қайта ұсыну үшін тиісті ескертулерді жібереді.

7.10. Шикі газды қайта өңдеу процесінде қайта өңдеу өнімдері түзілген жағдайда, Тапсырыс берушіге тиесілі қайта өңдеу өнімдерін өткізу және беру Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалатын жеке шарттың негізінде жүзеге асырылады. Өткізу шарттары, құны, өнімді беру тәртібі мен мерзімдері, есеп айырысу тәртібі, сондай-ақ өзге де шарттар көрсетілген жеке шартта айқындалады.

Жеке шарттың жасалуы Мердігерді осы Техникалық ерекшелікке сәйкес түзілген қайта өңдеу өнімдерінің нақты санын есепке алуды, сақтауды және құжатпен растауды қамтамасыз ету міндетінен босатпайды.

7.11. Шикі газды қабылдау мен қайта өңдеуді мүмкін емес етуге немесе шектеуге әкеп соқтырған технологиялық процестің ақауы туындаған жағдайда, Мердігер 2 (екі) жұмыс күні ішінде себептерін, кезеңін және қайта өңделмеген шикі газ көлемін, сондай-ақ технологиялық процесті қалпына келтірудің болжамды мерзімдерін көрсете отырып, екі жақты акт жасап, Тапсырыс берушіге жіберуге міндетті.

7.12. Коммерциялық есепке алу құралдары ақаулы болған не есепке алу аспаптарының көрсеткіштерінде алшақтықтар туындаған жағдайда Тараптар бір-біріне дереу хабарлауға және газдың нақты санын анықтау бойынша шаралар қабылдауға міндетті. ГШӨЖ ақаулы болған кезде шикі газдың көлемі оның жұмысы қалпына келтірілгенге дейін резервтік өлшеу желісі бойынша айқындалады.

8. Мердігердің жауапкершілігі.

8.1. Мердігер қайта өңдеу өнімдерінің саны мен шығымын айқындаудың дұрыстығы мен тұтастығына, тауарлық газдың сапасына қойылатын талаптардың сақталуына, сондай-ақ осы Техникалық ерекшелікте көзделген құжаттаманың уақытылы және толық ұсынылуына жауапты болады.

8.2. Есепке алудың дұрыс емес деректері, Әдістеме бойынша есеп-қисап көрсеткіштерінің негізсіз ауытқуы немесе қайта өңдеу өнімдерінің санын дұрыс емес айқындау анықталған

жағдайда, Мердігер анықталған бұзушылықтарды жоюға, тиісті қайта есептеу жүргізуге және Тапсырыс берушіге келтірілген құжатпен расталған шығындарды Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуге міндетті, шикі газдың құрамы мен параметрлерінің өзгеруінен туындаған ауытқуларды қоспағанда.

8.3. Сапасына қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тауарлық газ берілген жағдайда, Мердігер мұндай берудің салдарына, оның ішінде газ сапасына қойылатын талаптардың бұзылуы салдарынан туындаған Тапсырыс берушінің құжатпен расталған шығындарына Шартта белгіленген тәртіппен жауапты болады.

9. Жұмыстар құнын есептеу:

9.1. Шикі газдың мың текше метрін (1000 м³) қайта өңдеу жұмыстарының құны ҚҚС ескерілмегенде (стандартты жағдайларда) 11 134,04 (он бір мың жүз отыз төрт теңге 04 тиын) құрайды.

9.2. Көрсетілген құн шикі газды қабылдау, дайындау, қайта өңдеу және тауарлық газды беру үшін қажетті жұмыстардың толық кешенін, оның ішінде мыналарды қамтиды:

- Шикі газды белгіленген қабылдау нүктесінде қабылдау.

- Шикі газды дайындау, тазалау және кептіру.

- Шикі газды қайта өңдеу бойынша технологиялық операцияларды жүргізу.

- Болған жағдайда қайта өңдеу өнімдерін бөліп алу.

- Дайындалған тауарлық газды белгіленген беру нүктесіне – «Опорная» КС-ға дейін тасымалдау.

- Мердігердің өндірістік объектілерін, технологиялық жабдығы мен инфрақұрылымын пайдалану.

- Жұмыстарды орындау үшін пайдаланылатын жабдыққа қызмет көрсету және оны пайдалану.

- Мердігердің жауапкершілігі шегінде газ бен қайта өңдеу өнімдерін коммерциялық есепке алу және сапасын бақылау құралдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

- Зертханалық зерттеулер жүргізу және сапа паспорттарын ресімдеу.

- Есепке алуды, қайта өңдеу өнімдері шығымының есеп-қисаптарын жүргізу және көзделген есептік құжаттаманы ресімдеу.

- Осы Техникалық ерекшелікте көзделген жұмыстар кешенін орындаумен тікелей байланысты өзге де технологиялық және өндірістік шығыстар.

10. Қайта өңдеуге арналған шикі газдың жоспарланған көлемі:

Тараптар 2027 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде шикі газды қабылдау мен қайта өңдеудің жоспарланған айлық көлемдерін мынадай кестеге сәйкес айқындайды:

Ай	**Көлемі** *Мың м3*
Қаңтар	11 763,974
Ақпан	10 327,919
Наурыз	11 650,677
Сәуір	9 904,750
Мамыр	8 901,442
Маусым	7 455,797
Шілде	11 937,744
Тамыз	11 722,908
Қыркүйек	11 085,558
Қазан	11 356,171
Қараша	11 457,154

Желтоқсан	11 231,560
2027 жыл	**128 795,655**

11. Байланыс тұлғасы:

Ибрагимжанов С.С. – шикі газды қайта өңдеу департаментінің бас менеджері;

тел: +7 (7172) 55 29 17

3. Техникалық стандарттар

№ р/с	ҚР тіркелген	Белгіленуі	Құжат нөмірі	Санаты	Атауы	Қолдану саласы	Әзірлеуші	Беттер	МКС	Мәртебесі	Бұйрық	Енгізу күні бастап	К б
1	Иә	ГОСТ 31371.1-2008	336730	Межгосударственный стандарт	Газ природный. Определение состава методом газовой хроматографии с оценкой неопределенности. Часть 1. Руководство по проведению анализа	В стандарте приведены руководящие указания по количественному анализу компонентов природного газа	Российская Федерация ( )	19	Природный газ	Действует	Принят Приказом Комитета по техническому регулированию и метрологии от 02 декабря 2009 г. № 600-од введен в действие в качестве национального стандарта с 01.01.2010 г.	01.01.2010	

2	Иә	СТ РК 2547-2014	374630	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Классификация систем измерений расхода газа в зависимости от условий эксплуатации выборы методов и средств измерений расхода газа	Настоящий стандарт распространяется на новые и реконструируемые системы измерений расхода газа (далее - СИРГ) и устанавливает основные метрологические и технические требования к ним.	Нет ()	104	Метрология и измерения в целом	Действует	Приказом Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 09 декабря 2014 года № 254-од	01.01.2016
						Настоящий стандарт распространяется на газы горючие природные, нефтяные товарные газы, поставляемые с промыслов, газоперерабатывающих заводов и подземных хранилищ газа и транспортируемые по магистральным газопроводам и						

3	Иэ	СТ РК 1666-2007	338041	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Газы горючие природные, поставляемые и транспортируемые по магистральным газопроводам. Технические условия	на газы, транспортируемые по магистральным газопроводам газоснабжающими и газосбытовым организациям (далее – газы). Стандарт устанавливает требования к физико-химическим показателям и безопасности газов при их поставке и транспортировке, а также правила приемки газа. Стандарт не распространяется на газы, поставляемые с месторождений для обработки и на головных сооружениях, газоперерабатывающих заводах и на	Нет ()	32	Газообразное топливо	Действует	Приказом Председателя Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 31 октября 2007 года № 596	01.07.2008

						газы, предназначенные для газоснабжения отдельных потребителей, получающих газ непосредственно с месторождения, завода или подземных хранилищ газа.						
		СТ РК ГОСТ Р		Қазақстан Республикасын	Газ горючий природный. Определение сероводержащих	Настоящий стандарт распространяется на газы горючие природные (далее - ГГП), транспортируемые по магистральным газопроводам, предназначенные для промышленного и коммунально-бытового применения, и устанавливает хроматографический метод определения серосодержащих			Прир		Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства	01.07.2

4	Иә	53367-2011	346397	ың ұлттық стандарты	щих компонентов хроматографическим методом	компонентов: сероводорода, меркаптанов С1 - С4 и карбонилсульфида в диапазонах, указанных в Таблице 1. Настоящий стандарт применяют для определения указанных серосодержащих соединений в метане, горючем природном газе и имитаторах природного газа	Нет ()	66	одный газ	Действует	индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 29 июля 2011 года №380-од.	012

4. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңы;
2	Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы № 53-II «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңы;

Қосымша

Приложение_к_ТЗ (1).docx

Қол қойған Ибрагимжанов Саламат Серикович

Қол қойылған күні 27.11.2026

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1268996 , Работы по переработке сырого газа
способом Открытый тендер

Лот № 1 (1 Р, 4577261) Работы по переработке сырого газа

Заказчик: Акционерное общество "Национальная компания "QazaqGaz"
Организатор: Акционерное общество "Национальная компания "QazaqGaz"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	1 Р
Наименование и краткая характеристика	Работы по переработке сырого газа, Работы по переработке сырого газа
Дополнительная характеристика	Работы по процессингу сырого газа
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Мангистауская область, Бейнеуский район
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2027 (включительно)
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

Техническая спецификация по закупке работ по переработке сырого газа (Работы по процессингу сырого газа)

1. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики работ:

В целях рационального использования и переработки попутного нефтяного сырого газа, добываемого на месторождениях ТОО «КазахТуркМунай» в Мангистауской области, Заказчик осуществляет его приём и последующую передачу для переработки на производственных мощностях Подрядчика.

Заказчик передаёт сырой газ Подрядчику на СИРГ ТОО «КазахТуркМунай» для выполнения комплекса работ по приёму, подготовке и переработке сырого газа с получением товарного газа и иных продуктов переработки при их наличии.

Подрядчик обязан обеспечить выполнение полного комплекса технологических операций по переработке принятого сырого газа, включая его подготовку, очистку, осушку, извлечение ценных углеводородных компонентов, а также транспортировку и передачу полученного товарного газа Заказчику на КС «Опорная».

